



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«БАЙЛЫҚ БАЙЛЫҚ ЕМЕС, БІРЛІК – БАЙЛЫҚ»



Ынтымақ пен ырыс бар жерде татулық пен береке бар. Қазақ ежелден осы қағидаға сүйеніп, жылағанды жұбатты, сүрінгенді демеді. Өртүрлі жаугершіліктен қашып, түрлі тағдыр тауқыметімен босып, бас сауғалап келгенге пана, даурыға дауласып келгенге дана бола білді. Оған тарих – куә, мұрағат – дәлел, Қазақстандай кең байтақ елді мекен етіп, отанына, отбасына айналдыра алған жүздеген ұлт пен ұлыс өкілдері айғақ.

(Соңы 3-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

КИБЕРҚЫЛМЫС: АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ АЛАЯҚТАРДАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

Бопсалау мақсатында жасалған кибершабуылдардың жыл өткен сайын саны ғана емес, сипаты да өзгеруде. Қазіргі таңда кибершабуыл туралы сөз қозғалса, көбіне шифрлаушылар пайдаланылған ақпараттық қауіпсіздік инциденттері туралы айтылады. Өйткені, бұл үнемі даму үстіндегі қатер және одан бірде-бір ұйым сақтандырылмаған.

Компьютерлік инциденттерге әрекет ету қызметінің (KZ-CERT) хабарлауынша, Statista жариялаған мәліметтерге сәйкес, 2020 жылы әлемдік масштабта шифрлаушылар пайдаланылған 304 миллион шабуыл жасалды, бұл 2019 жылғы көрсеткіштерден 62% артық. Ал 2021 жылы SonicWall мәліметтерінде бүкіл әлем бойынша бопсалаушы-бағдарламалар (шифрлаушылар) саны 48% өскен. Былтыр ұйымдар төлеген өтемің орташа есебі 170 404 долларды, ал бопсалаушы-бағдарламаны жоюдың орташа құны 1,85 миллион долларды құрады (Sophos State of Ransomware). Оның ішіне жұмыстың тоқтап қалу уақыты, адамдардың уақыты, құрылғының құны, желінің құны, төленген өтем және т.б. бар. Cybersecurity Ventures зерттеу

компанияларының бірінің болжамы бойынша, бопсалаушы-бағдарламаларға байланысты шығындар 2031 жылға қарай жылына шамамен 265 миллиард долларға жетеді. Бұл ретте 2 секунд сайын жаңа «шабуыл» жасалады.

Әлемдік қауымдастықтың белді мүшесі ретінде де, жаһандық ықпалдастықтың белсенді қатысушысы ретінде Қазақстан да оңай олжа табуды көздеген теріс пиғылды адамдар мен топтардың кибершабуылдарынан сырт қала алмайды. Өкінішке қарай, сарапшылар әрдайым оның санына қатысты мәліметті ғана жариялап, шығынның көлеміне келгенде мүдіріп жүр. Өйткені, жеке тұлғалар ғана емес, заңды тұлғалар да көп жағдайды ақпараттық қауіпсіздікті жете бағаламаудан кибершабуылдың

нысанына айналса да, оны құзырлы органдарға мәлімдеуге асықпайды. Кейбірі оған ақпараттық сауатының аздығынан барып жатса, енді бірі бұл жағдай өзінің нарықтағы абыройы мен беделіне нұқсан келтіреді деп санап, шығынын ашық айтудан қашады.

2017 жылы қабылданған «Киберқауіпсіздік тұжырымдамасының» мақсаты: – электрондық ақпараттық ресурстардың, ақпараттық жүйелердің және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның сыртқы және ішкі қатерлерден қорғалу деңгейіне қолжеткізу және қолдау. Ал міндеті – сыртқы және ішкі қауіп-қатерлер туралы уақытылы және жедел хабардар болғаны үшін, сондай-ақ отандық ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының әлеуетін дамыту үшін зиянды бағдарламалық-техникалық әсерді бұғаттауға және басуға бағытталған бағдарламалық өнімдер мен киберқауіпсіздік жүйелерін құру бойынша қажетті жағдайды қалыптастыру.

(Соңы 5-бетте)

ЛЕБІЗ

Мамыр мерекелері құтты болсын!

Құрметті әріптестер! Судьялар одағының атынан Сіздерді мамыр мерекелері – Қазақстан халқының бірлігі және Ұлы Жеңіс күнімен құттықтаймыз!

Бұл мерекелер біз үшін адами құндылықтарды бейнелейтін терең мағынаға ие. Біз бәрімізге ортақ шаңырақты сақтай отырып, бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп, Қазақстанды Отаным деп білетін барлық ұлттар мен ұлыстардың мәдениетін, әдет-ғұрпын және дәстүрін бағалаймыз.


Отыз жылдан астам уақыт бойы біз еліміздің болашағын бірлесіп құрып келеміз. Ұлтымыз бөлек болғанымен, біздің тарихымыз, тағдырымыз ортақ және мақсатымыз бір. Осы ұлтаралық келісім байырғы халықтың толеранттылық пен құрметін, табиғи даналық пен қонақжайлылық дәстүрін бекіте түседі.

Бүгінгі таңда әлемдік мұраттар бұрынғыдан да құнды. Біз 9-мамырды соғыс жылдарында майдан даласында ерлік көрсеткен әкелеріміз бен аталарымызды еске алу күні деп білеміз. Көптеген адамдар өз жерін жаудан босату үшін майданда қаза тапты. Жеңіс күніне жету үшін бел жазбай тылда жұмыс істеген барлық отандастарымызға бас иеміз. Бізге бейбіт аспан астында өмір сүру бақытын сыйлаған батырларды үлкен құрметпен және ризашылықпен есте сақтайтын боламыз.

Мамыр мерекелері биыл адамгершілік құндылықтардың, мейірімділік, жомарттық пен кешірімге шақырудың қайнары саналатын қасиетті Рамазан айы мен Пасха мерекесінен бастау алды. Ал Ораза айттың келуі – рухани тазарып, барға қанағат, жоққа сабыр етудің, айналага мейіріммен, кешіріммен қараудың көзі іспеттес.

Құрметті әріптестер, осы қасиетті мерекелермен құттықтай отырып, баршаңызға – бейбіт өмір, аға буынға – құрмет, тәуелсіз Қазақстанға – тұрақтылық пен даму тілейміз!

Сәкен АБДОЛЛА,
Қазақстан Республикасы Судьялар
одағының төрағасы



ПАЙЫМ

СОТ БАҚЫЛАУЫ – СЕНІМДІ НЫҒАЙТУ ТЕТІГІ



Ж.ЖАНАТБЕКОВА,
Алматы қаласы
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

Заңды күшіне енген соттың шешімі міндетті түрде орындалуы тиіс. Даудың дұрыс шешілуін, сот әктісінің тезірек қолына тигенін азаматтар тағатысыздана күтеді.

(Соңы 4-бетте)

АЛҚАБИДІҢ МӘРТЕБЕСІ СУДЬЯМЕН ТЕҢ ДӘРЕЖЕДЕ

Тәуелсіздік алған сәттен бастап халықаралық стандарттар негізінде адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға бағытталған ең ауқымды заңдар біздің елде алғашқылардың бірі болып қабылдануда. Өз азаматтарын қорғау үшін нақты жағдай жасау мақсатында ел Конституциясына сот төрелігін алқабилердің қатысуымен жүзеге асырудың мүмкіндігі туралы норма енгізілген болатын.

2005 жылы Президент жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия тек фактіні жариялау бойынша ғана үкім шығаратын дербес алқаны құрайтын, бір кәсіби судьясы мен 12 алқабиі бар классикалық алқаби сотын енгізу туралы заң жобасын даярлады. Ұзақ талқылау мен халықаралық тәжірибелерді саралау арқасында 2006 жылы қаңтарда «Алқабилер туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуді енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданды. Бұл жай ғана қылмыстық іс жүргізу институты емес, ерекше әлеуметтік институт. Қаралатын істердің қаншасы алқабилер сотының үлесіне тиесілі екеніне қарамастан, мұндай соттың болуының өзі осы елде жарыспалы сот төрелігінің бар екендігін білдірді.

Қазақстанда алқаби соты енгізілгеннен бері 15 жыл өтті, осы кезеңде алқаби соттары біршама тәжірибе жинады. «Алқабилер туралы» заңға сай, алқабилер қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауға қатысу үшін шақырылады және сол бойынша ант қабылдайды. Алқабилер заң аясында сот отырысында тәртіп сақтауға, сот отырысының залынан кетпеуге және төрағалық етушінің заңды өкіміне бағынуға; алқабидің міндетін атқару үшін сот көрсеткен уақытта келуге, сот отырысын себепсіз бұзбауға міндеттеледі.

Алқабилер туралы заң талабы аса ауыр қылмыстарға қатысты қолданылады және де олардың қатысуымен іс тек сотталушының өтініші бойынша қаралады деп заңда нақты көрсетілген. Егер сотталушы бас тартса, қылмыстық іс кәсіпқой судьялардың қарауына алынады.

Сот ісінде жариялылыққа, тәуелсіздікке қол жеткізу бағытында дүниеке келген алқабилер институтының ең басты ерекшелігі олар кеңесу бөлмесінде бірқатар маңызды мәселеге айрықша назар аударады: әрекеттің орын алғаны нақты дәлелденді ме, бұл әрекетті сотталушының жасағаны расталды ма және бұған сотталушы кінәлі ме? Міне, осы сауалдар арқылы сотталушының кінәлілік дәрежесі анықталып, соған сәйкес айыптап соттауға немесе жауаптан босатуға шешім қабылданады. Ата Заңымызда белгіленген сот тәуелсіздігі, кінәсіздік презумпциясы, тараптардың теңдігі және жарыспалылық қағидатын сақтай отырып, ар-ождан таразысы арқылы адамдардың тағдыры шешіледі. Бұл ретте қоғам мүддесін білдіретін алқабилердің моральдық бейнесі кіршіксіз, азаматтық ары таза, адамгершілік ұстанымы жоғары болуына баса назар аударылады. Олардың әр күніне кәсіпқой судьялар жалақысының 50 пайыз көлемінде айлық төленеді. Әрине, алқабилер тізімінің дұрыс жүргізілмеуі, алқабиге үміткерлердің жауапсыздығы секілді себептер біраз сергелдең тудырады. Алқабилер қатысуымен қаралатын сот процестерінің ізгілікті және әділдікті арқау ететіні халыққа үлкен сенім ұялатады.

Бүгінде елімізде алқабилер соты саласына реформа жүргізу қолға алынуда. Бұған дейін алқабилер соты 2007 – 2015 жылдары тек өлім жазасы немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылатын істер санатын қарап келді. Қазақстанда өлім жазасына мораторий жарияланған соң халық билері қарайтын істер санаты азая түскен еді. 2015 жылы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын орындау аясында алқабилер қарайтын істер тізімі кеңейтіліп, адамды ұрлау (Қылмыстық кодекстің 125-бабы), адам саудасы (128-бап),

кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқықбұзушылық жасауға тарту (132-бап) және кәмелетке толмаған қыз-бозбалаларды сату (135-бап) секілді істер санаты да алқабилер қарауына өтті. Ал, 2019 жылғы 27 желтоқсанда «Кейбір заңнамалық актілерге қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адамның құқықтарын қорғауды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданып, алқабилердің қылмыстық процеске қатысуын одан ары кеңейту бағытында шаралар жасалды. Осы заңға сай 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап алқабилер «егер сотталушы өтініш білдірсе», онда «аса ауыр қылмыстарға» қатысты барлық істі қарай алады.

Бұл реформа біріншіден, сот жүйесін демократияландыруға ықпал етеді. Екіншіден, соттарға деген сенім деңгейін арттыруға септеседі. Үшіншіден, халықтың сот төрелігін жүзеге асыру рәсіміне қатысуын кеңейтеді және қоғамның құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын өсіруге түрткі болады.

Ел Президенті Қасым Жомарт Токаев биылғы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында тағы да алқабилердің қарауына берілетін істер санатын кеңейту туралы айтты. Бүгінде алқабилердің қатысуымен тек 14 қылмыстық құрам қаралса, енді ол 30 құрамға дейін артапак. 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап заң күшіне енгеннен кейін алқабилер сотталушы өтініш білдірсе, ауыр және аса ауыр қылмыстар туралы барлық істі қарайды.

Қазір «Қылмыстық іс жүргізу кодексіне алқабилердің қатысуымен сот қарайтын істердің санаттарын кеңейту жөніндегі өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның жобасын ашық жария талқылау үшін НҚА интернет-порталына орналастырылды. Жаңа заңның сапалы дайындалуына үлес қосайық!

Азат ИЗБАСАРОВ,
Батыс Қазақстан облысы
қылмыстық істер жөніндегі сот
алқасының төрағасы

ҚҰҚЫҚ

Қазақтың кең байтақ жері – баға жетпес байлығы. Елдіктің кепілі, атаның балаға қалдырар құнды мұрасы болып табылатын жерге байланысты дау ешқашан толастаған емес. Сонау Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Тәуке ханның Жеті жарғысында жер дауын шешуге ерекше мән берілген. Мемлекеттің шекарасы белгіленіп, жерге қатысты заңнамалар толық жасалған қазіргі кездің өзінде де жер даулары азайып кетті дей алмаймыз. Жердің айналасында туындайтын дау бар, және оның себебі де айқын.



Азамат АЙМУХАМЕДОВ,
Ақмола облысы
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының төрағасы

ЖЕР ДАУЫНЫҢ КӨБЕЮІНЕ ЗАҢДЫ БІЛМЕУ СЕБЕП

Жер кодексінде бұл мәселеге қатысты құқықтық түйткілдердің бәрі жан-жақты шешімін тапқан. Елімізде жерге мемлекеттік меншікке және жекеменшікке құқықтық қатынастар қатар жүреді және олар бірдей қорғалады. Ал жерге құқыққа қатысты заңсыз қабылданған құзырлы орган шешімдері сот актілерімен бұзылып, азаматтар құқығы сотпен қалпына келтірілетінін қаперде ұстағанымыз жөн. Жерге байланысты туындайтын даулардың орын алуына ең алдымен азаматтардың құқықтық сауаттылығы төмендігі себеп болуда. Заңды білмеудің, құжатқа салғырт қараудың соңы азаматтарды әуіре-сарсаңға түсіріп, кейде өзіне тиесілі жерден айырылып қалуына түрткі болады. Мұны болдырмас үшін азаматтар құқығын жақсы біліп, жергілікті өзін-өзі басқару органындағы шенеуніктерден заңның дұрыс орындалуын талап етуі керек. Өйткені, құзырлы органдар әрекетінің барлығы бірдей заңға сай, сауатты бола бермейді. Оны сотта қаралған істерді негізге ала отырып сараптасак болады.

Мысалы сотқа «Аджибай» деп аталатын шаруа қожалығынан талап арыз түсті. «Ақкөл ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің әрекетіне шағымданған жәбірленуші уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға беру) туралы келісімшартты біржақты бұзған мемлекеттік мекеменің әрекетін заңсыз деп тануды сұраған. Сотқа ұсынылған құжаттарға сәйкес, Ақкөл ауданы әкімінің «Аджибай» шаруа қожалығына жерді көп жылға уақытша өтеулі пайдалану үшін беру туралы 2019 жылғы 16 мамырдағы қаулысы бар. Жерді пайдалану мерзімі 49 жыл деп көрсетілген. Бұл жердің бір бөлігі жайылымға, бір бөлігі жайылымды түбірімен жақсартуға бағытталған. Әкімдіктің осы қаулысына сай «Аджибай» ШҚ жерді 2068 жылға дейін пайдалану құқығын иеленіп, соған сәйкес 2019 жылдың 12 желтоқсанында №542, №543 жерді көп жылға уақытша өтеулі пайдалану бойынша екі мемлекеттік акт жасатып, оны мемлекеттік органда тіркеткен.

Араға екі жыл салып 2021 жылдың 10 наурызында Ақкөл ауданы жер қатынастары бөлімі «жерді мақсатына сай пайдаланып отырған жок» деген себеппен жоғарыдағы келісімді біржақты бұзған. Шаруа қожалығының арыздалуына келісімшарттың біржақты бұзылуы түрткі болып отыр. Мұндай дауларды қараған кезде сот Азаматтық процестік кодекстің 224, 225-баптарына сүйеніп, тараптардың сот отырысында ұсынған дәлел, дәйектеріне негізделіп шешім шығарылады. Соған сәйкес жерді ұзақ мерзімге уақытша өтеулі пайдалану туралы келісімшартты бұзу Жер кодексінің 35-бабы 4-бөлігінің шегінде ғана жүргізіледі. Кодекске сәйкес заңнамада көзделген өзге жағдайларды қоспағанда, атқарушы органдардың уақытша жер пайда-

лану шарттарын біржақты бұзуына жол берілмейді. Сондай-ақ, Жер кодексінің 81-бабында жер учаскесіне жеке меншік құқығын немесе жер пайдалану құқығын тоқтату негіздері көрсетілген. Бірақта, мұнда уақытша өтеулі пайдалануға (жалға беру) берілген жерді мақсатқа сай емес пайдаланғаны үшін мемлекеттік мекеменің келісімшартты біржақты тоқтатуына негіз болар себептер қамтылмаған.

Судьялар осыған ұқсас істерді қарағанда Жоғарғы Соттың 2007 жылғы №6 «Соттардың жер заңнамасын қолдануына қатысты кейбір мәселелер» деп аталатын нормативтік қаулысындағы түсіндірмелерді басшылыққа алады. Осы құжатта дәйектелгендей, Жер кодексінің 92 және 93-бабында жер учаскесін мәжбүрлеп алып қоюдың арнайы рәсімі белгіленгендіктен, жалға алушы немесе меншік иесі келіспеген жағдайда, жалға алу шартын және жер учаскесін сатып алу-сату шартын мақсаты бойынша пайдаланбауға не заңнаманы бұза отырып пайдалануға байланысты іс сот тәртібімен жүргізілмейтінін соттар ескеруі тиіс. Жер учаскесін алып қою рәсімі белгілі бір мерзімдер мен тәртіптің сақталуын көздейді, белгілі бір дәлелдемелерді ұсынууды міндеттейді. Мұндай талаптар, әдетте, жалдау, сату шарттарында жок. Демек, жер учаскесін нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбауға байланысты жалдау шартын бұзу жер заңнамасында көзделмеген.

Сот отырысында тараптар ұсынған дәлелдерді сараптап, заңнамаларды зерделей келе, жауапкер жер учаскесін жалдау шартын біржақты тәртіппен заңсыз бұзды деп қорытуға болады. Өйткені, мемлекеттік мекеме мұндай жер учаскелерін мақсатына сай пайдаланбағаны үшін алып қоюға қатысты жер заңнамасының императивті нормасын бұзған. Бұған қоса, уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға беру) туралы келісімшартты біржақты бұзу үшін жалға беруші, яғни, Ақкөл ауданы жер қатынастары бөлімі не себепті жалға беру келісімшартын бұзатынын көрсетіп, бір ай бұрын шаруа қожалығына жазбаша хабарлама беруі керек еді. Ал сотта анықталғандай, мекеме бұл заңнама тәртібін де сақтамаған. Соған орай «Аджибай» ШҚ-ның Ақкөл ауданының жер қатынастары бөлімінің уақытша өтеулі жер пайдалану туралы келісімшартты біржақты бұзу әрекетін сот заңсыз деп танып, талапкердің талап арызын толық қанағаттандырды.

Соттар өз тәжірибесіндегі істерді көпшілікке түсіндіру арқылы азаматтардың құқықтық сауатын көтеруге тырысады. Жоғарыдағы істің де жер заңнамасына қатысты көптеген мәселелерді түсінуге, шешуге бағыт берері анық. Ең бастысы, азаматтарымыз жер туралы заңдардың қағидаттары мен өз міндетін жете білсе жерді меншігіне алуға заңсыздыққа жол берілмейді.

Қазіргі таңда кейбір тараптар азаматтық істер бойынша қабылданған сот актісінің дереу орындалғанын қалайды. Ол көбінесе мүліктік сипаттағы даулар бойынша байқалып жатады.

СОТ АКТІСІ ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛАДЫ?

Азаматтық процестік кодекстің (АПК) 21-бабына сәйкес, бірінші сатыдағы сот азаматтық істер бойынша сот актілерін сот бұйрығы, шешімі, ұйғарымы, қаулысы нысанында қабылдайды және заңды күшіне енген сот актісі Қазақстанның бүкіл аумағында орындалуға жатады. Ал енді осы сот актілерінің заңды күшіне енуі әртүрлі.

Сот бұйрығы – жауапкерді және талап қоюшыны олардың түсіндірмелерін тыңдау үшін шақырмай-ақ және сот талқылауының талап қоюшының арызы бойынша электрондық нысанда шығарылады. Жауапкер мәлімделген талапқа қарсылығын сот бұйрығын шығарған сотқа сот бұйрығының көшірмесін алған күннен бастап немесе оның шығарылғаны туралы оған белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жіберуге құқылы. Егер қарсылық түспесе, судья сот бұйрығын жауапкердің алғаны белгілі болғаннан бастап он күнде заңды күшіне енеді.

Сот шешімі – істі мәні бойынша шешетін бірінші сатыдағы соттың сот актісі. Сот шешімі түпкілікті нысанда жарияланғаннан кейін бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде дайындалады. Бірінші сатыдағы соттың шешіміне апелляциялық шағым жасалмаса немесе прокурор апелляциялық өтінішхат келтірмесе, апелляциялық шағым жасау, прокурордың апелляциялық өтінішхат келтіру мерзімі өткеннен кейін заңды күшіне енеді. Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты,

түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмесі жіберілген күнінен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін. Демек, сот шешімінің заңды күшіне енуі шешімнің түпкілікті дайын болған уақытынан немесе жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде. Сот талқылауына қатыспаған, бірақ іс бойынша мүдделі адамдар да шешім берілгеннен бастап бір ай ішінде апелляциялық шағым келтіру арқылы шешімнің заңдылығын тексерте алады.

Ал оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын істердің қысқаша шешіміне жауапкер сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Бұл жерде шешімнің заңды күшіне енуіне бір айлық мерзім сақталатынын, алайда қысқа шешімге шағымданудың бес күндік мерзімі өткен соң есептелетінін ескерген жөн.

АПК-де нақтыланып жазылған және осы мерзімдерді созуға немесе заңда көзделмеген артықшылықтарды алып беру мақсатында қысқартуға ешкімнің құқығы жоқ. Бұл мерзімдер тараптардың шағымдануына және конституциялық құқығының қорғалуына мүмкіндік беретінін айтқым келеді.

Шолпан МАЛИКОВА,
Қызылорда облыстық сотының
судьясы

ҚЫЗМЕТ

СҮЙЕНЕРІМІЗ –
ӘДЕП КОДЕКСІ

Мемлекеттік қызметкер қоғаммен жұмыс істейтіндіктен, әдептілік пен жауаптылық басты бағдары болуы тиіс. Қызмет орнында өзінеөзі ұстай білу, сыртқы бейнесі мен киімінің тәртіпке сай болуын қадағалау, анық әрі түсінікті, жүйелі сөйлей білу – қызметкердің кәсіби этикалық құндылықтарына және жалпы қабылданған этикет жүйелеріне жатады. Олардың басты сүйенері – Әдеп кодексі.

Осы аталған заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар жоғарылады. Мемлекеттік қызметшілер жұмыс уақытынан бөлек, бос уақытында да Әдеп кодексін қатаң ұстануы міндетті. Соған орай қызметкерге өзінің лауазымдық артықшылығын алға тартпау және жеке басының пайдасы үшін қолданбау, өзін ресми түрде сабырлы, салмақты, ұқыпты ұстау тапсырылған. Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметші жемқорлық фактісіне жол бермеуі, қол астындағыларды кемсітпеуі және қызметкерлердің барлығына құрметпен қарауы тиіс. Мемлекеттік қызметкерге жалпы қабылданған этикетті сақтау өте маңызды.

Айнагүл ТЕМИРЗАХОВА,
Орал қалалық әкімшілік
құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
соты кеңсесінің бас маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«БАЙЛЫҚ БАЙЛЫҚ
ЕМЕС, БІРЛІК –
БАЙЛЫҚ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бабаларымыз сан ғасыр бойы елі мен жері үшін арпалысып, ұланғайыр даланы осы ұрпағына аманат етіп қалдырып кетті. Сол бір қым-қуыт замандарда да елдігімізді сақтап бейбіт өмірді қадірлей білді. Кез келген елдің тілегі де, оның арманы да халқының тыныштығын сақтау. Қазіргі көршілес мемлекеттерде болып жатқан соғысқа қарап бейбітшіліктің қадірін сезесің. Дана халқымыз «Байлық байлық емес, бірлік – байлық» – деген. Қарапайым халық әрдайым тыныштықта мәңгілік бейбіт өмір сүруді армандайды. Ұрпағының амандығы оның келешегінің кемелдігін білдіреді. Тарихта болған соғыстардың ешқайсысы жақсылық әкелмеген, керісінше, қаншама ел соғыс зардабынан құлдырап, азып-тозып, жазықсыз жандар мерт болып, елді берекесіздік жайлайды.

Біз қазақ халқы сауатты да саналы, парасатты елдің ұрпағымыз. Сондықтан, өткенге көз жіберіп, тарих беттерінен, ата-бабаларымыздың жолынан сабақ алуымыз қажет. Қазақ халқы тағдырдың талай қатал сынын басынан кешті. Осының салдарынан жер бетінде ұлт ретінде жойылып кету қаупі бірнеше рет қайталанды. Соғыс, ашаршылық – мұның барлығы халықтың қырылып, азып-тозуына әкеліп соқты. Әйтсе де, мың өліп, мың тірілген бабаларымыз «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» еліміз бен жерімізді сыртқы жаулардан азат ету жолында аянбай күресті. Қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ, басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында қазақ елі тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алған. Қазақ жеріне табан тіреген әлем саяхатшылары, ғалымдар, дипломаттар естеліктерінде қазақ халқының қонақжай, сабырлы, ежелден бейбітшілік сүйгіш, өз бетінше ешкімге

ұрынбаған, соғыс аспаған ел екенін сүйсіне жазған. Қазыбек бидің қалмақ ханына айтқан сөзі әлі де өзекті.

«Біз Қазақ деген – мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз. Асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса – күң боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз. Сен «темір» болсаң, біз «көмірміз», еріткелі келгенбіз, қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, қазақ-қалмақ баласы табысқалы келгенбіз, табысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы келгенбіз. Тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз. Бітім берсең, жөніңді айт, бермесең тұрысатын жеріңді айт!».

Бабамыздың осы сөздерінде қазаққа тән тектіліктің де, батырлықтың да, ынтымаққа шақырған ізгіліктің де, шешендіктің де, өжеттіктің де белгісі сайрап тұр. Міне, осындай ата-бабаларымыздың ерен ерлігі мен көрегендігінің арқасында тәңір сыйлаған тәуелсіздікке қол жеткізіп, өзгелермен тең дәрежедегі бейбіт елге айналдық.

Қазіргі «Жаңа Қазақстан» бағдарламасы жаһандық татулықты сақтау мен нығайту ісіне атсалысуда. «Бірлігі бар елдің белін ешкім сындырмас» – дейді ұлы халқымыз. Расында халықтың ынтымағы мен ауызбірлігін сақтау ерқашан маңызды. Бейбітшілігіміз бен ынтымағымызды көздің қарашығындай сақтай білейік.

Марат ШАРИПОВ,
Түркістан облыстық
ауданаралық әкімшілік
соты төрағасы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

– Еліміздегі адам құқықтарын қорғау саласындағы соңғы өзгерістер мен толықтырулардың маңызы неде деп ойлайсыз?

– Есіңізде болса 2021 жылы Президенттің «Қазақстан Республикасының адам құқықтарын қорғау саласындағы одан әрі шаралары туралы» Жарлығы қабылданды. Бұл кадамды сарапшылар да, халықаралық қоғамдастық та оң қабылдады.

Адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету елдегі саяси күн тәртібінің басым бағыты болғандықтан, ондағы іс-шаралар жоспары бойынша қосымша шаралар қабылдау қажеттігі туындады. Осы мақсатта Мемлекет басшысы 2022 жылғы 13 сәуірде «Қазақстан Республикасының адам құқықтары саласындағы одан әрі шаралары туралы» ҚР Президентінің 2021 жылғы 9 маусымдағы № 597 жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» Жарлыққа қол қойды. Оған сәйкес, Үкіметке адам құқықтары және заң үстемдігі саласындағы шаралар жоспарын бекіту тапсырылды. Онда бірқатар жұмыс бағыттары көрсетілген. Атап айтқанда, әйелдерді кемсітуді жою, ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін ілгерілету мәселесі бар. Сондай-ақ, бірлесу бостандығы құқығы, мүгедектігі бар адамдарға қатысты жұмыстар жүргізілуі тиіс. Қылмыстық сот төрелігі, жазаны атқару және

азаптаулар мен қатыгез іс-әрекеттердің алдын алу саласындағы құқықтарын да сақтауды ілгерілету көзделіп отыр.

– Қылмыстық сот төрелігі, жазаны орындау және азаптау мен қатыгездіктің алдын алу да Президенттің ерекше бақылауында емес пе?

– Мемлекет басшысы 16 наурызда Парламентте осы мәселені көтерді. Оның қарсаңында Мәжіліс қабырғасында Қаңтар оқиғасына қатысты тергеудің аралық қорытындысы талқыланды. Бұрын-соңды мұндай кең талқылау бізде болған емес. Жиын барысында құқық қорғау органдарының басшылары, депутаттар, сондай-ақ, Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі уәкілі Эльвира Әзімова сөз сөйледі.

«Азаматтардан менің атыма түскен 137 өтініштің 86-сы азаптау немесе басқа да қатыгездік әрекеттеріне қатысты. Ресми статистикаға сәйкес, 2022 жылғы 13 наурызға дейін азаптау және қызметін асыра пайдалану фактілері бойынша 243 қылмыстық іс тіркелген. Біз қазір азаптау көрсеткендерге жауапкершілікті күшейту және азаптаудың алдын алу тетіктерін енгізу мәселесін құқық қорғау органдарымен бірлесіп талқылап жатырмыз. Азаптауды, күш қолдануды, қорқытуды, сондай-ақ, өзге де қатыгездік тәсілі арқылы алынған дәлелдемелер заңға сәйкес жарамсыз деп танылады. Осыған байланысты

Зарема ШАУКЕНОВА, ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның ғылыми-сараптамалық кеңесінің мүшесі, ҚР ҰҒА академигі:

«АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ
САҚТАЛУЫ – МЕМЛЕКЕТТІК
САЯСАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТЫ»

– Мемлекет басшысының жолдауында қаңтардағы қайғылы оқиғаға тиянақты баға берілді ме?

– Иә, Президент «нағыз қылмыс жасаған адамдар заң алдында толығымен жауап береді.

Басқаша әрекет ету, яғни, бедел жинау үшін байбалам салып, қосақ арасында жүргендер мен аранда тушыларға жеңілдік жасау – жазықсыз құрбан болған жандардың аруағын

сыйламау деген сөз», – деді. Сондай-ақ, біз құқық қорғау органдарының қызметкерлері ұсталған адамдарды тергеу барысында тыйым салынған тәсілдерді қолданғаны, тіпті, оларды азаптағаны туралы фактілер

болғанын ашық айттық. Орта ғасырлардан қалған осындай жабаймық кез келген өркениетті қоғамның қағидаттарына қайшы келеді. Бұл – біз үшін де мүлде жат қылмық деп ескертті.

– Құқық қорғау институттарын нығайтудың маңызы артты деп есептейсіз бе?

– Басқалар секілді полиция қызметкерлерінің де кемшіліктері бар. Олардың қауіпті және тез әрекет жасауды талап ететін оқиғаларға жиі тап келетінін біріміз мойындаймыз. Бірақ баршаға белгілі құқық бұзушылық істерді «өте әсірелеу» немесе жекелеген «жаман полицейлердің» ісі деп мәлімдейтіндер мынаны естен шығарып алады. Мұндай қадам арқылы адам құқықтарын бұзуды ақтайтынмызды ұмытып кетеді. Осылайша, занның әділдігін қамтамасыз етіп, оны күзетуі тиіс адамдарға, – полицияға деген сенімге нұқсан келтіреміз.

Жолдауда азаптауға байланысты қылмыстарды тергеуге жүйелі тәсілді енгізу қажеттігі айтылған. Бұған жауапты орган – Бас прокуратура. Бұл тәсіл тергеудің объективтілігі

мен бейтараптығын қамтамасыз етеді. Құқық қорғау саласында озбырлық жасағандарды жазаға тартуға жол ашады.

Сондықтан Президент Қ.Тоқаевтың Жарлығын жүзеге асыру жоспары еліміздің заңнамасын жетілдіруге басымдық бермек. Атап айтқанда, дене күші мен арнайы құралдарды қолдануды шектеу, Ыстамбұл хаттамасына сәйкес азаптау істерін тергеп-тексеру әдістемесі бойынша ұсыныстар әзірлеу көзделген. Сондай-ақ, азаптауға қатысты шағымдар иесінің құпиялылығын қамтамасыз ету де көзделген.

Жалпы, бұл жарлықтың қабылдануы мемлекетіміздің саясаты адам құқықтары саласындағы баршаға ортақ халықаралық стандарттарға сәйкес келетіндігіне бағытталғанын көрсетеді. Сондай-ақ, азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі міндеттерді мақсатты түрде жүзеге асыратынын білдіреді.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ІССАПАР

Мемлекетте «Еститін Үкімет» бағдарламасы іске қосылғалы бері халық көптеген игілікті істерге куә болып жүр. Бұған дейін қол жетпестей, сөз өтпестей көрінетін шенеуніктерді, мекеме басшыларын бүгінде қарапайым халық ортасында ел мәселелерінің жайын білетін дәрежеге жетті. Оған қоса онлайндық жүйенің дамуы да мемлекеттік қызметтің абыройын көтеріп, беделін нығайта түсті. Жергілікті әкімдер мен мемлекеттік қызметтегі азаматтар ашықтық пен әділеттілікті, қолжетімділікті осы еститін үкімет бағдарламасының аясында жүзеге асыруды меңгерді. Оған мысал, мемлекеттік қызметтегі азаматтардың елдің жайын өз көзімен көріп, шалғай өңірлерді аралауы.

«ЕСТИТІН ҮКІМЕТ»
МҮШЕЛЕРІ ЕЛ АРАЛАДЫ

Мысалы, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев арнайы іссапармен Түркістан облысына барды.

Агенттік төрағасының өңірге ресми сапарының мақсаты – облыстың мемлекеттік қызметшілерімен және жас мемлекеттік қызметшілер мектебінің студенттерімен кездесу, тұрғындар тарапынан туындаған мәселелерді тыңдап, оларды шешу жолын қарастыру.

Алдымен агенттік төрағасы өңірдің мемлекеттік қызметшілерімен кездесті. Жиында Д. Жазықбаев жүргізіліп жатқан реформаларды оңтайлы жүзеге асыруда агенттік алдында тұрған бірқатар мәселені баяндады.

Агенттік төрағасы көрсетілетін мемлекеттік қызметтің басым көпшілігі өңірлерде ұсынылатынын ескере отырып, оларды тиімді әрі сапалы жүзеге асыру қажеттігін алға тартты.

Оның айтуынша, алдағы уақытта Президенттің «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту шаралары туралы» Жарлығына сай, агенттік барлық әкімшілік рәсімдерге талдау жасап, әр жарты жыл сайын оның нәтижесін, яғни бюрократия көріністерінің алдын алу бойынша нақты ұсыныстарды Президент әкімшілігіне енгізеді.

Бұдан әрі, агенттік төрағасы мемлекеттік қызметке іріктеуді жеңілдету бойынша жасалып жатқан бірқатар ұсыныстарға тоқталды. «Жоғары оқу орындары мен колледждерде мемлекет есебінен білім алып, оқу үлгерімінің орташа балы (GPA) жоғары көрсеткіштегі маман иесі атанған жастарды аудандық және ауылдық деңгейлердегі төменгі лауазымдық мемлекеттік қызметке конкурстық іріктеусіз қабылдау ұсынылып отыр. Бұл жас мамандардың ел өңірлеріне оралып, оның дамуына үлес қосуына жол ашып, аймақтарда кадр тапшылығын азайтуға ықпал ететіні күтілуде» – деді Д. Жазықбаев.

Кездесу соңында жиынға қатысушылар мемлекеттік аппаратқа деген халықтың сенімін арттыру мақсатында мемлекеттік қызмет саласын жетілдіру, артық бюрократиялық талаптардың қойылуына жол бермеу, облыстағы халық санын ескере отырып өңірдегі мемлекеттік қызметшілердің санын арттыру төңірегінде өз ойларын ортаға салды.

Осыған қоса, Д.Жазықбаев Ордабасы ауданы және Кентау қаласында азаматтарды жеке қабылдап, мемлекеттік қызмет көрсету сапасымен танысты.

Мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті орган басшысымен жүздескен аудан және қала тұрғындары жұмысқа

орналасу және мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік қолдауға қатысты сұрақтарын қойды.

Сондай-ақ, іссапар аясында Д. Жазықбаев Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің профессорлық-оқытушы құрамымен және жас мемлекеттік қызметшілер мектебінің студенттерімен кездесті.

Шымкент сапары

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаевтың

қызметтік іссапары Шымкент қаласында жалғасты.

Іссапар мемлекеттік қызметшілермен кездесумен басталып, жиында мемлекеттік қызметті түбегейлі жаңғыртуға қатысты Президент қойған бірқатар міндеттерге тоқталып, мемлекеттік қызмет көрсету бюрократиялық, формальді принциптерге емес, нақты нәтижеге бағдарлану керектігін айтты.

«Мемлекеттік қызметтерді көрсету уақытылы, сапалы, кедергісіз орындалуы қажет. Мемлекеттік қызмет бюрократияға жол бермейтін, халықтың қажетіне бағдарланған сервистік сипатта ұйымдастырылған кезде қалыптасқан олқылықтар еңсеріліп, мемлекеттік аппараттың жұмысы жаңа деңгейге көтерілері анық. Жасалып жатқан реформалардың барлығы да ел игілігіне бағытталып отыр. Мемлекеттік қызметті түбегейлі жаңғыртудың да басты мақсаты – «халық үніне құлақ асатын» мемлекеттік аппарат қалыптастыру», – деді Д. Жазықбаев.

Агенттік төрағасы Әдеп жөніндегі комиссиясына жекелеген саяси қызметшілер өңірлер (облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, аудан) әкімдері мен орынбасарларының және «А» корпусына жататын қызметшілердің (комитет төрағаларының, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар әкімдері аппараттары басшыларының) жауапкершілігін қарау өкілеттіктері берілгенін баяндады.

Бұған қоса, төраға тұрғындармен тілдесіп, оларды толғандырған жер қатынастары, жер комиссиясы және мемлекеттік қызметшілердің әдебі туралы сауалдарына жауап берді.

«Жастар ресурстық орталығында» өткен еркін форматтағы пікір алмасу кезінде төраға жастардың толғандырып жатқан сұрақтарына жауап беріп, оларды талапшыл, еңбекқор әрі адал болуға, үздіксіз білім алуға шақырды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПІКІР

Еліміздің Ата Заңында сот пен судьяның мәртебесіне айрықша орын берілген. Конституцияның 77-бабында көрсетілгендей судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Сонымен бірге, осы баптың екінші бөлігінде сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады делінген.

ТӨРЕЛІК ЕТЕР ТӨРДІ СЫЙЛАУ ПАРЫЗ



Расында, ақ пен қара сарапқа салынатын, төрелік жасалатын сот мәжілісінде ортақ тәртіптің сақталуы, азаматтардың заңға бағынуы міндет. Сондықтан, көпшілік мұндағы қауіпсіздік шараларына, судьяның ескертулеріне, талабына түсіністік танытып, мүлтіксіз орындауы тиіс. Өкінішке қарай, төрелік етер төрді сыйламау, әділдіктің кепілі болып отырған судьяның сөзін елемей жағдайлары аз кездеспейді. Зансыздықты біреу білмей жасайды, біреулер біліп тұрып әдейі осындай заңсыз әрекетке барады. Соның ішінде,

ең жиі кездесетін құқықбұзушылықтарға тоқталып өту артықтық етпейді.

Мәселен, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбай, орнында отырып рұқсатсыз сөйлеу, балағаттау, алкогольдік ішімдік ішкен күйде келу, сот шақыртуына салғырт қарау заңдық жауаптылыққа соқтырады. Ортақ тәртіпке бағынбаған азаматтар сотқа қатысушылардың ғана емес, судьяның да уақытын алып, жұмысына кедергі келтіреді. Мұндай әрекеттерге Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 653-бабында жауаптылық белгіленген, яғни, процеске қатысушылардың және өзге де адамдардың шақыру, хабарлау, хабардар ету бойынша сотқа дәлелді себептерсіз келмеуінен, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаудан көрінген сотты құрметтемеушілік үшін құқық бұзушыға ескерту жасау не жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу түріндегі жаза белгіленген. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет үшін құқық бұзушыға 30 АЕК мөлшерінде айыппұл салынып, не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасы қолданылады.

Сотқа құрметтің негізгі бастауы – тәрбиеден. Отбасында алған тәрбие жоғары мәдениет кепілі. Ата-ананың тағылымы сотты ғана емес, айналасын сыйлауға, жұрттың пікіріне құрметпен қарауына түрткі болып жатады. Әсіресе, отбасылық тәрбиенің ақап жатқанына пандемия кезінде анық көз жеткізгендей болдық. Карантинге байланысты отандық соттардың қашықтан жұмыс істегені белгілі. Онлайн соттарды ұйымдастыруға соттар тез бейімделді. Бірақ, сот отырысына қашықтан қатысқан кейбір азаматтардың мәдениетіне, өзін ұстауына таңғалған кезіміз көп. Бұл сотты ғана емес, заңды да сыйламау. Сондықтан, сотқа деген құрметті арттыру үшін азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеру, тәрбиесіне көңіл бөлу мәселесін де назардан тыс қалдырмау керек-ақ.

А.ДУСИМОВА,
Жаңаөзен қалалық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

СОТ БАҚЫЛАУЫ – СЕНІМДІ НЫҒАЙТУ ТЕТІГІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал шешімнің дер кезінде, сапалы орындалмауы азаматтардың сотқа, құзырлы органдарға деген сенімін төмендетеді. Қоғам үшін өзекті болған осы мәселенің жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте оң реттелгені қуантады.

Кодекстің 28-тарауы сот бақылауына арналған. 171-бапта көрсетілгендей, сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін сот үш жұмыс күні ішінде жауапкерге орындау үшін жібереді. Ал жауапкер өз кезегінде сот шешімін бір айдың көлемінде орындауы тиіс. Әрі шешімнің орындалғанын сотқа хабарлауға міндетті. Заңдағы бұл жаңашылдықты сот жауапкерге ескертуі керек. Яғни, шешімдердің орындалуы соттың тікелей бақылауында болады. Мұның өзі сот бақылауының пәрменін арттырып, шешімдердің орта жолда қалмауына ықпалын тигізеді. Кез келген жауапкер істі соттың бақылап отырғанын білгеннен кейін заңға бағынып, өзіне жүктелген міндеттемені мінсіз орындауға тырысады анық.

Алайда, «бес саусақтың бірдей болмайтыны» сияқты, сот шешімін өз мерзімінде ерікті түрде орындамайтын-дар да бар. Егер сот шешімі белгіленген уақытта ерікті түрде орындалмаса, алғашқы сатыдағы сот ақшалай айыппұл салады. Заңнаманың 127-бабында ақшалай өндіріп алудың мөлшері көрсетілген. Бұл жаңашылдықтың мақсаты мемлекет атынан шығарылатын сот шешімінің орындалуын қамтамасыз ету болғандықтан, сот шешімді орындамағандарға ақшалай айыппұлды бірнеше рет қолдануы мүмкін.

Кез келген даудың өзара бітіммен, ортақ келісіммен біткенін қалаған бабаларымыз «Жау мен дау егіз», «Дау қуған пәлеге жолығады» деп ұрпағын жамандықтан сақтандырған. Бабалардан қалған сол игі іс, бітімгер-

шілік дәстүрі бүгінгі күнге де жетті. Қазір әкімшілік соттың судьялары да жария-құқықтық даулар бойынша тараптардың татуласуына, кикілжіңді бітімгершілікпен аяқтауына қолдан келгенше көмектесіп келеді. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде дауды ұлғайтпай, тараптарды әуре-сарсаңға салмай шешудің де тетігі қарастырылған.

Осы ретте кодексте сотқа дейінгі тәртіптің енгізілуі – оң бастама болғаны анық. Бұл жаңашылдықтың негізгі бағыты – жеке және заңды тұлғалар әрекеті мен әрекетсіздігіне шағым келтіріп отырған әкімшілік органдарға өз қателіктерін, кемшіліктерін жоюға мүмкіндік беріледен көрінеді. Себебі, шағым алдымен әкімшілік актіні қабылдаған органға түседі. Егер шешім қабылдаған төменгі сатыдағы орган өзінің қатесін жөндегісі келсе, ол шағымды жоғары тұрған органға жолдамай-ақ қарап, қолайлы акт шығаруға құқылы. Яғни, егер шағым қанағаттандырылуға жатады деп тапса, қателігін түзеп, қолайлы акт қабылдаса, шағым әрі қарай жоғарғы тұрған органға жолданбай, дау сол сатыда шешіледі. Мұндай өзін өзі бақылау механизмі біртектес әкімшілік актілерді қабылдауға және азаматтардың уақытын үнемдеп, бұзылған құқықтарын жылдам қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің жаңалығын, маңызын түсіндіру бойынша ақпараттық, құқықтық іс-шаралар кең сипат алуда. Мұндай жұмыстардың заңның пәрменін арттырып, қолданылу аясын кеңейтуде маңызы зор. Әсіресе, сот актілерін орындауға қатысты жаңашылдықты кенірек насихаттаған жөн. Өйткені, сот шешімінің орындалуы – сот еңбегінің далаға кетпейтінін, төреліктің текке жасалмағанын көрсетеді. Сот бақылауы – сотқа деген сенімді нығайтудың тетігі.

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

ЖАЗБАША ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ ЖОҒАРЫ

Жаңа әкімшілік соттардың жұмысы бір жүйеге түсті. Сонымен бірге, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске сай сот тәжірибесі де қалыптасып үлгерді. Елімізде алғаш рет жұмысын бастаған әкімшілік әділеттің оң тұстары және тиімді жақтары аз емес. Осы ретте жазбаша іс жүргізу тәртібіне ерекше тоқталған артықтық етпейді.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі бойынша жазбаша іс жүргізу тәртібі 23-тарауда дәйектелген. Қарапайым азаматтар ауызша іс жүргізу мен жазбаша іс жүргізудің ара жігін ажырата алмайды. Заңнамаға сәйкес, ауызша іс жүргізу кезінде іс сот отырысында қаралады. Ал жазбаша іс жүргізу кезінде сот отырысы тағайындалмайды. Жазбаша іс жүргізу-дің ерекшелігі – әкімшілік іс процеске қатысушыларды шақырмай-ақ қаралады. Сот тараптар ұсынған және өз бастамасы бойынша талап етілген дәлелдемелерді зерттейді және олар бойынша шешім қабылданады. Бұл ретте сот өтінішхат пен құжатты ұсынуға болатын қосымша мерзім тағайындалды.

Әкімшілік істер бойынша жазбаша іс жүргізу тәртібі Азаматтық іс жүргізу ко-

дексінде көзделген оңайлатылған іс жүргізу тәртібінен басқаша. Өзгешеліктің бастысы, әкімшілік істе шешімді қабылдаған сот осы шешімнің күшін өзі жоюға құқылы. Тағы бір ерекшелігі жеке процестік әрекетті жасау немесе процестік мәселені шешу үшін іс жүргізу кезінде ауызша сот отырысын тағайындай алады. Ауызша сот талқылауы кезінде сот тараптардың және әкімшілік процестің басқа да қатысушыларының түсініктемесін, куәлар мен сарапшылардың айтқанын тыңдауға, заттай дәлелдемелерді қарап-тексеруге, жазбаша дәлелдеме және өзге де құжаттармен танысуға, сондай-ақ, дәлелдемелерді зерттеу бойынша басқа да әрекеттер жасайды. Осылайша судья ауызша сот талқылауын өткізгеннен кейін жазбаша іс жүргізуді одан әрі

жүргізе береді. Мұның өзі істің сапалы қаралуына жол ашады. Жазбаша іс жүргізу тек тараптардың келісімі бойынша жүргізілетінін қаперден шығарма керек. Бұдан бөлек, жазбаша іс жүргізу тәртібімен қаралуға жататын істердің жекелеген санаттарының бекітілмеуі де үлкен мүмкіндік көзі. Әкімшілік іс жазбаша талқылауда ақылға қонымды мерзімде, бірақ талап қойылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде қаралады. Ал аса күрделі әкімшілік істер бойынша бұл мерзім соттың уәжді ұйғарымымен үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Бұл да азаматтарды әуре-сарсаңға салмаудың мүмкіндігі. Жалпы, жазбаша іс жүргізудің тиімділігі өте жоғары. Себебі, бұл тәртіп тараптардың және соттың уақытын үнемдеуімен құнды.

Максат САДЫҚОВ,
Алматы облыстық №2
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

ТҮЙТКІЛ

ЖОЛДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮРГІЗУШІ ЖАУАПТЫЛЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ

Жолдағы қауіпсіздікке көбіне жүргізушілер жауапты. Жол ережесін сақтамау, қара жолда жарысу, техникалық қауіпсіздікке мән бермеудің салдары қаншама апаттың орын алып, талай тағдырдың бүлінуіне себеп болуда. Соның ішінде көлік рөліне мас күйінде отыратын, есірткіге елігіп көлік жүргізетін жандардан қоғамға келетін қауіп зор.

Қара жолдағы қайғының зардабын түсінген Мемлекет басшысы елімізде көлікті мас күйде басқарған құқық бұзушылардың жауапкершілігін қатаңдатуға тапсырма бергені белгілі. Бұл енді мәжбүрлі шара. Себебі, жүргізушілерді айыппұлмен, ескертумен жөнге салу мүмкін еместігін уақыттың өзі көрсетті. Соның нәтижесінде Президент 2019 жылдың 27 желтоқсанында жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту және қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша заңға қол қойды. Осы құжатқа сәйкес, мас күйде көлік басқару әрекеті үшін жауапкершілік күшейтілді. Жүргізушілердің алкогольдік масаң күйде көлік басқарғаны үшін жауаптылықты қатаңдататын заң 2020 жылы күшіне енді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабында көлік құралын алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйде басқарған жүргізушінің, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына берген жандардың жауаптылығы көрсетілген. Осы баптың 1-бөлігінде дәйектелгендей, мұндай құқық бұзушылыққа жол берген жандар он бес тәулікке әкімшілік қамаққа алынып, және жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылады. Мұның балама жазасының болмауы да мас жүргізушілерге кешірімнің болмайтынын көрсетсе керек.

Ал бұрын қалай еді? Жаңа өзгеріс енгізілгенге дейін елімізде масаң күйде көлік басқарғандар 3 жылға жүргізуші куәлігінен айырылатын. Әкімшілік қамақ белгіленбеген. Қазіргі заңның қатаңдатылғанын осыдан-ақ аңғаруға бола-

БАСТАМА

Мемлекет басышысы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің тәжірибесі бойынша қылмыспен күрес саласын жаңғыртқан жөн екенін айтып, біздің елімізде де үш буынды модель құру керек екенін тапсырған болатын.

Соған орай, қылмыстық процестің үш буынды моделі енгізіліп, құрылымдардың өкілеттігі нақтыланды. Атап айтсақ, полиция жасалған қылмыс пен оған қатысты адамдарды анықтап, дәлелдеме-айғақ жинаса, өз кезегінде прокурор жиналған дәлелдемелерге тәуелсіз баға береді. Сондай-ақ, азаматтар құқығын бұзудың жолын кесіп, кінәсіз адамдардың қылмыс қудалауға ұшырауына жол бермеуге, сотта айыптау жағын қолдауға міндетті. Ал, сот іс бойынша ақ пен қараны ажыратып, әділетті ақтық үкім шығарады. Осы ретте, яғни үш буынды модель аясында сот адамның құқығы мен бостандығының сақталуына қадағалау жүргізіп, азаматтың кінәлі немесе кінәсіздігін анықтайды. Санаулы ғана уақыттың ішінде мұндай тәсіл қылмыстық құқық бұзушылықтың тез тергеліп, кінәсіздердің сотталуын болдырмауға жол ашты.

ҮШ БУЫНДЫ МОДЕЛЬ – ЖАҢАШЫЛДЫҚ КӨРІНІСІ



2020 жылдың 19 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғауды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданып, құқық қорғау жүйесіндегі жаңа модельдің заңдық негізі жасалды. Бұл заңның талаптарына сәйкес, азаматтардың конституциялық құқығына әсер ететін негізгі процессуалдық шешімдердің прокурордың келісімінсіз немесе бекітуінсіз заңды күші болмайды. Сондай-ақ, өткен жылдың соңында «Қазақстан Республи-касының кейбір заңнамалық актілеріне

гізілгені белгілі. Басты өзгерістер мен толықтырулардың қатарында алқабилермен қаралатын істердің аясын кеңейту, қылмыстық процесте прокурор мен сот арасындағы өзара іс-қимыл, істі электронды форматта қарау да бар.

Қорыта айтсақ, аталған тәсіл теже-мелік және тепе-теңдік жүйесін нығайтты. Сондай-ақ, халықаралық сарапшылар да жас мемлекетіміздегі үш буынды модель құқық қорғау ісін дамыған елдер стандартына жақындата түсетінін айтып, жоғары бағасын беруде.

Қанат НҰРҒАБЫЛҰЛЫ,
Мұнайлы аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

КОКЕЙКЕСТІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл барлық ұлттық ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымға қатысты ақпараттандыру және байланыс саласында ақпараттық қауіпсіздікті мемлекеттік басқарудың жоғары бейімделген және интеграцияланған жүйесін құруды көздейді.

Оның 2017–2018 жылдарға арналған бірінші кезеңінде: ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында белгіленген талаптарды сақтаудың кеңейтілген құқық қолдану практикасы қалыптастырылып, нәтижесі бойынша заңнамаға қажетті өзгерістер енгізу; білім беру бағдарламалары мен кәсіби стандарттарға тексеру жүргізу, ақпараттық қауіпсіздік саласында дайындалатын мамандар саны мен сапасын арттыру, осы салада жұмыс істейтін қызметкерлердің біліктілігін көтеруді қамтамасыз ету; отандық әзірлемелерді құруда өнеркәсіп пен ғылым арасындағы өзара іс-қимыл мен кооперацияның тиімді схемасы жасалып, бұл ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық және салалық жедел орталықтарын дамытуға негіз болады. Ал 2019–2022 жылдарға арналған екінші кезеңінде: қазақстандық IT компаниялардың ұлттық ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды ақпараттық қауіпсіздік жүйелерімен қамтамасыз етуге қатысуы; мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік сектордың ел аумағында ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін сертификаттау рәсімінен өндірілген және өткен телекоммуникациялық жабдықтарды сатып алуға тапсырыстармен электрондық өнеркәсіптің отандық кәсіпорындарын толтыру қарастырылған еді.

«Соңғы жылдары қоғамның барлық саласында қолма-қол төлем азайып, мобильдік төлем кең қолданысқа ие боп жатыр. Осыған байланысты ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану түрлі алаяқтық

әрекеттер жасаушылар көбеюде. Оны екінші деңгейлі банктердің атын жамылып хабарласушыларға қатысты әлеуметтік желілердегі жазбалар мен дыбыстық және бейнехабарламалардан да байқауға болады. Өкінішке қарай, көп жағдайда оларды анықтауда құқық қорғау органдары дәрменсіздік танытатынын оқып та, естіп те, көріп те жүрміз. Тіпті, адамның жеке өзіне, отбасына қатысты құпия мәліметтердің алаяқтардың қолына қалай түскенін атқарушы билік те, заң шығарушы билік те әлі күнге дейін анықтап, халыққа түсіндіріп бере алмауда», – деген Алматы облысы Кеген ауданы Тоғызбұлақ ауылындағы Қ.Байғабылұлы атындағы орта мектептің мұғалімі Гүлшат Ержанқызы кибершабуыл құрбандары қатары алдағы уақытта мектеп оқушыларымен толығы мүмкін екеніне өз алаңдаушылығын білдіріп отыр.

Оны Халықаралық адам құқын қорғау комитетінің Қазақстандағы уәкілдігінің өкілі Қанат Жұмабай да жоққа шығармайды. Заңгердің айтуынша, қаржы ұйымдары мен банктердің атын жамылып тұтынушыларды әуір-сарсаңға түсіру немесе олардың төлем карталары арқылы алаяқтық жасаушылар тек Қазақстанда ғана емес бүкіл әлемде бар. Сондықтан бұған қарап азаматтардың ақпараттық қауіпсіздігі қорғалмаған деп біржақты айтуға болмайды. Көп жағдайда алаяқтар азаматтардың құқықтық сауатының төмендігін өзінің теріс мақсатына оңай пайдаланып жатады. Мәселен, менде мынандай бір жағдай болды. Ерлі-зайыпты бір отбасы банкке қарыз боп қалғанын Ресейге іссапарға кетіп бара жатқанда ғана біледі. «Сіздің екінші деңгейлі банк алдында төленбеген 8 млн теңге қарызыңыз бар» деп шекарашылар жаңа тұрмыс құрған келіншекті шекарадан өткізбей қойған. Сол арада ері мен әйелінің арасында біраз келіспеушілік туындап, үйленгеніне 1

КИБЕРҚЫЛМЫС: АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ АЛАЯҚТАРДАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

КОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР

КОМПЬЮТЕРЛІК ИНЦИДЕНТТЕРГЕ ӨРЕКЕТ ЕТУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

Шифрлаушы дегеніміз не?

Шифрлаушы – бұл зиянкестер сіздің құрылғыдағы файлдарды шифрлау үшін, әдетте кейінгісінде сол файлдардың шифрын ашу үшін өтеуін талап ету мақсатында пайдаланатын зиянды БҚ-ның бір түрі. Алғашқы зақымданудан кейін шифрлаушы жалпы желіге қосылған жүйелерге, соның ішінде ортақ жинақтағыштарға және қолжетімді басқа да компьютерлерге таратуға тырысады. Егер зиянкестің талап еткен өтеуі төленбесе файлдар немесе шифрланған деректер әдетте жәбірленушіге қолжетімсіз болып қалады. Шифрланған файлдардың бұғатталғанын ашу үшін өтеуі төленгеннен кейін де, зиянкестер көп жағдайда қосымша төлем талап етеді, жәбірленушінің деректерін жояды, деректерді ашудан бас тартыды немесе жәбірленушінің файлдарын қалпына келтіру үшін шифрлаудың жұмыс кілтін беруден бас тартыды.

Деректер мен желілерді қорғау үшін не істеу керек?

* Компьютер деректерінің резервтік көшірмесін жасап қойыңыз. Жүйеніздің және басқа да маңызды файлдардың резервтік көшірмесін жиі жасап тұрыңыз және резервтік көшірмені үнемі тексеріп отырыңыз. Егер сіздің компьютеріңіз шифрланған болса, сіз резервтік көшірмелерді пайдалана отырып, жүйені бұрынғы күйіне қалпына келтіре аласыз.

* Резервтік көшірмелерді жеке-жеке сақтаңыз. Резервтік көшірмелерді желі арқылы қол жеткізуге болмайтын жеке құрылғыда, мысалы, сырты қатқыл дискіде сақтаған дұрыс. Резервтік көшіру аяқталғаннан кейін сырты қатқыл дискіні немесе жеке құрылғыны желіден немесе компьютерден ажыратуды ұмытпаңыз.

* Өз ұйымыңызда сауат ашу дәрістерін жүргізіп тұрыңыз. Ұйымдар өз персоналын киберқауіпсіздік мәселелері бойынша оқытуды қамтамасыз етуі тиіс. Ең дұрысы, ұйымдар міндетті түрде киберқауіпсіздік туралы хабарды арттыратын сабақтарды тұрақты өткізіп тұруы керек, осылайша ұйымның персоналы киберқауіпсіздіктің ағымдағы қатерлері мен зиянкестердің тәсілдері туралы хабардар болып отырады.

Шифрлаушы жұқтырудың алдын алу мүмкін бе?

* Компьютердің операциялық жүйесін (ОЖ) жаңартыңыз. Қосымшаларыңыз бен ОЖ соңғы нұсқаларға жаңартылғанына көз жеткізіңіз. Шифрлаушылардың көптеген шабуылдарының мақсаты осал қосымшалар мен ОЖ болып табылады.

жылдай ғана болған аяғы ауыр келіншек Қостанайдан уақытша түнейтін баспана іздеуге мәжбүр болады.

– Арада бірнеше күн өткен соң ері іссапардан келген кезде ғана олар мәселенің мән-жайын анықтау үшін астанаға жетеді. Алматы аудандық сотында тұрғам, менің заңгер екенімді көріп жағдайларын айтып, көмек сұрады. Сотқа барса, сот орындаушыға бар, ал ол банкке бар деп қайтарып жіберген.

Қорғауыма алып сотқа сырттай шыққан шешімнің күшін жою туралы арыз түсіріп, оның негізінде қайтадан сот отырысы тағайындалды. Онда банктен кепілхатты талап еттік. Шарт бойынша сот сараптамасы кепіл болған адамның қолы қолдан жасалғаны анықталды. Сот осылайша біздің талабымыз бойынша оның күшін жойды. Қазір менде зейнеткерлердің сыртынан жасалған 8 бірдей келісімнің күшін жою туралы сот

шешімі бар, – деген Қ.Жұмабай банктік төлем карталарының мәліметтерін балалар ғана емес, ересектер де алаяқтардың сөзіне сеніп, өздері жариялап қоятын жағдайлар көп кездесетінін айтты. Негізгі банк қызметкері екеніне көзі жетпейінше ешкім, ешқандай жағдайда бөтен адамға мәлімет бермеу керек

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КҮРЕТАМЫР

Халқымыздың жартысына жуығы өмір сүріп жатқан ауылдың еңсесі әзірге көтерілмейтін секілді. Бұл орайда үш жыл бұрын қабылданып, іске қосылған «Ауыл – ел бесігі» атты бағдарлама да өзіне артылған үмітті ақтай қоймайтындай. Бюджеттен 206 млрд теңге бөлінген оның игілігін бүгінгі күнге дейін небары 665 ауыл ғана көріпті. Бұл бағдарламаға қамтылған 3,5 мың ауылдың 18 пайызы ғана. Олардың өзінде барлық мәселе шешімін таппаған. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында бір жоба жүзеге асса болды, бәрі жақсы деп есептеліп, басқа проблемасына назар аудармай әдетке айналған. Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінде өткен Үкімет сағатында Палатаның Экономикалық реформа және аймақтық даму комитетінің төрағасы Альберт Рау мәлімдеді. Оның айтуынша, мұндай қарқынмен бағдарлама мәреге жетуге тиіс алдағы төрт жылда да жұмыс мандымайды. Сондықтан оған қосымша бөлінбек 670 млрд теңгенің тиімді игерілуі күмән тудырады.

Жалпы, бұл жобаның мақсаты ауылдардың инфрақұрылымын жаңғырту, оны жаңа өңірлік стандарттар параметрлеріне дейін жеткізіп, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту. Бұл үшін әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытып, ауыл тұрғындары үшін әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету көзделген. Бағдарламаға барлық ауылдар қамтылмаған. 6 293 ауыл ішінен даму әлеуеті бар, 3,5 мың ауыл тандалды. Оларда ауыл тұрғындарының 89 пайызы тұрады. Осы 3,5 мың ауылдың – 1 171-і тірек ауылдары және олардың ай-

наласындағы 2 368-і серіктес ауылдар.

Жиында депутаттар алдында есеп берген Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың айтуынша, ауылдарды дамыту «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында жүзеге асырылуда. Бүгінгі күнге дейін бағдарлама шеңберінде 2019–2021 жылдары 2,6 мыңнан астам жоба жүзеге асырылыпты.

Жалпы, 2021 жылы «Ауыл – ел бесігін» жүзеге асыруға республикалық және жергілікті бюджеттен 126,3 млрд теңге бөлінді. Бұл қаражатқа 1 мыңнан астам жоба жүзеге асырылып, 480 ауылдың инфрақұрылымы жаңғыртылды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес енді батыс және оңтүстік облыстарға халықты әлеуметтік-мәдени, спорт және білім беру инфрақұрылымын дамыту үшін 20 млрд теңге көлемінде қаражат бөлу жоспарлануда.

Министр осылайша бағдарламаның оң нәтижесін жіпке тізгенімен, депутаттардың күмәні сөйле қоймады. Расында кемшілік көп. Соның бірі – жүзеге асырылған жобалар санын көбейтуге ұмтылушылық. Депутаттар бұл үрдістің сапаға кері әсер етіп жатқанына, кей жағдайда қаржының мақсатқа сай жұмсалмайтынына алаңдаушылық білдірген еді. Мысалы аудандық аурухананы жөндеуге бөлінген қаржы жобалардың санын көбейту үшін қайта бөлініпті.

Жалпы ауыл тағдырына сыңаржақты

АУЫЛҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА АУЫЛДАН АЛЫС ЖАТЫР



көзқарас қалыптасқан. Экономикалық әлеуеті бар, инфрақұрылымы дамыған ауылдар жобаға енгізілмеген. Бұған ауылдық бағдарламада көрсетілгендей тірек ауылынан 15 шақырым емес, 18 шақырым қашықтықта орналасуы себеп болыпты. Сондықтан бұл бағдарлама тиімді болу үшін кейбір параметрлер қайта қарастырылып, нақты жағдайға сәйкестендірілуі керек.

Сонымен қатар, қаржыны бөлуде жүйесіздік белең алуда. 2021 жылдың қорытындысы бойынша облыс пен ауылдың әрбір тұрғынына бөлінген қаржының айырмашылығы 10 мың теңгеден 33 мың теңгеге дейін болды. Сол секілді аймақтардағы қаржының бөлінуі бірдей емес. Облыстың бір ауданында бірнеше жоба жүзеге асырылып жатса, енді бір ауданның сусыз өңірлері назар-

дан мүлде тыс қалған. Мұның сыртында қандай жобалардың республикалық бюджеттен немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатыны белгісіз. Егер тек республикалық бюджеттен бөлінсе, бұл масылдық тудырады. Бұл ретте бизнеске жүктелетін жауапкершілік те ұмыт қалғанға ұқсайды. Осының барлығы бюджет қаржысының тиімді пайдаланылмай, желге ұшуына алып келетіні күмәнсіз.

Ауыл үшін өзекті мәселенің бірі тұрғындарын еңбекпен қамту және олардың табысын арттыру болса, бұл да шешімін таппай келеді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша ондағы жұмыссыздық республика бойынша 4,8 пайызға тең. Бұл ел бойынша жұмыссыздардың 40 пайызы деген сөз. Осы орайда өзін өзі жұмыспен қамтушылар саны

1,2 млн немесе экономикалық белсенді тұрғындардың 34 пайызын құрайды. Азаматтардың бұл екі категориясына да қатысты нақты және түсінікті жоспар жоқ. Бағдарламадағы «Байтерек» ұлттық басқару холдингі арқылы қаржыландырып, нәтижелі жұмыспен қамту мен жаппай кәсіпкерлікті дамыту бойынша айқындалған шараның жүзеге асуы неғайбыл. Ал ауылдағы жастардың бәрі қалаға ағылып, мұндағы жұмыссыздар қатарын көбейту үстінде. Себебі, көбінің кәсіби даярлығы төмен, кейбірінде мүлде жоқ. Егер ауылда жұмыс орны ашылса, немесе кәсібін ашуға қолдау тапса көпшілігі туған жеріне оралып, өзіне де, ауылға да пайдасын тигізер еді.

Токетерін айтқанда, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасын жүзеге асыруда әлі де нақтылық, есептілік, жүйелілік жетпей жатыр. Депутаттар бұл олқылықтан арылу үшін бағдарлама барысында атқарылған және атқарылмаған шараға толықтай сараптама жасалу қажеттігін айтты. Сонымен қатар, Үкіметтің Ұлттық жобалау кеңсесі арқылы жобадағы әрбір көрсеткіш бойынша орындаушы бекітіліп, басқарылу қажеттігіне назар аударылды. Бұл ретте бағдарлама жайлы ауыл тұрғындарына түсіндіру жұмысын пәрменді жүргізудің маңызы зор.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

«ҚАЗАҚТЫҢ БІР МІНІ – МАЛ ҰРЛЫҒЫ»



А.НУРГАЛИЕВ,
Ақжайық аудандық сотының
төрағасы

Қазіргі таңда мал ұрлығы қоғамдағы өзекті мәселенің бірі. Оған заңды жаза қойып-түрде, мал ұрлау бойынша құқықбұзушылық азайған жоқ.

Мал – ауыл тұрғындарының азығы, күнкөріс көзі. Өкініштісі сол, бағып-

қаққан малын ұрылар қолды еткен азаматтар шарасыз күй кешуде. Өйткені, малды өсіріп-өндіру үшін уақыт пен ерен еңбек керек. Ал оңай олжаға дәнкіккендер өзгенің еңбегін де, обал-сауапты да ойламайды. Міне сол себепті, Абай ағамыз «Қазақтың бір міні – мал ұрлығы» дегендей, бұл мәселе әлі күнге өзектілігін жоймай келеді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 2019 жылы осы мәселеге қатысты заңға өзгертулер енгізуді, масаң күйде көлік жүргізгендер мен мал ұрлағандарға берілетін жазаны қатаңдатуы тапсырған болатын. Осыған байланысты Қылмыстық кодекске жеке 188-1 бап енгізіліп, мал ұрлығы бойынша жаза қарастырылды. Онда мал ұрлағандарға қатысты жауаптылық күшейтіліп, қылмыстық жаза ауырлады.

Дегенмен, мал ұрлығына қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жеке және шаруа қожалықтарының малын кемітті. Шаруасын дөңгелегіп отырғандардың малы жайылым, өрістен немесе тұрғын мекен-жайынан ұрланып, мал иелерін үлкен шығынға ұшыратуда. Сондықтан мал ұрлығының алдын алу-дың бірден бір жолы – малды қараусыз қалдырмау. Бұған қоса тұрғындар малға таңба салу, сырғалау, құжаттап есепке енгізу секілді сақтық шаралары қолға алынуы тиіс. Азаматтар күнделікті малдың өрістен оралуын бақылау, есеп жүргізу және жоғалған мал туралы полиция бөліміне дер кезінде хабарлау қажет. Баяғының аңыздарындағыдай

тұсамыс, шідер ұрлаған ұрыға өлім жазасы кесілген. Өйткені, қазақ батырларының серігі – ат, атты тұсап не шідерлеп қойған, себебі, жау шапқанда атың жаныңда болуы тиіс. Сондықтан да осы дала заңының мәні күрделі.

Мал ұрлығының өршуіне ет өнімін сату нарығының кендігі де әсер етеді. Осылайша мал ұрлауды бизнеске айналдырып, бұл қылмысты ұйымдасқан топ болып, алдын ала сөз байласу бірнеше адам жасайтыны анықталып отыр. Енді мал ұрлаушылардың қылмысы жалпы ұрлық емес, арнайы енгізілген баппен қаралады. ҚР ҚК-нің 188-1 бабы ауыр санатқа жатады және сотталушы міндетті түрде жазаланады.

Жаңа заң бойынша, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы ірі көлемде қылмыс жасаса – мүлкі тәркіленіп, 7 жылға дейін, бірнеше рет немесе мал-қораға кіріп жасалса – мүлкі тәркіленіп 10 жылға дейін, аса ірі көлемде және қылмыстық топ құру арқылы мал ұрласа – мүлкі тәркіленіп 12 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

«Малым – жанымның, жаным – арымның садақасы» деп отырған ауылдағы ағайынның берекесін қашырып, жылқысын үйірімен жоқ қылатын әккілердің айла-тәсілдеріне қойылған шектеу осылайша күшейтілді. Алдағы уақытта оң өзгеріс боларына сенеміз.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ЖАЗЫҚСЫЗ ҚУДАЛАНҒАНДАР ХАЛЫҚ ЖАДЫНДА

Қазақстанды елім дейтін азаматтардың барлығы 1920-1940 жылдар аралығында қудаланған. Орыс басшылары қазақ зиялыларын, ұлтшылдар деп қудалап, қазақтың басына қара аспан төндірген. Сауатсыздықты жойып, халықтың көзін ашпақ болған арыстарды орыс княздері айла тауып ұлтшыл деп, халық жауы ретінде елге көрсетті. Сібірге айдап, қара жұмысқа салып, қазақ зиялыларын әбден қажытты. Дәл осындай қуғын-сүргін құрбандарының аты аталмай кеткені қаншама. Солардың бірі, Алматы облысы, Кеген ауданы, Жылысай ауылында туып өскен Майемгенов Нұржікей, Майемгенов Бағашар атты ағайынды кісілер.

«Хантәңірі етегі – Райымбек баба мекені» атты Қ.Құсайынов, И.Тастанов, Қ.Біржансалұлы деген кісілердің авторлығымен шыққан кітаптың 191-192 беттеріндегі деректеріне сүйенетін болсақ, Майемгенов Нұржікей халық жауы деген жаламен 1937 жылы Жалаулы ауылдық Советінің предсе-

дателі болып қызмет істеп жүрген жерінен ұсталып, Сібірге қудаланып 15 жыл отырып келген. Ал інісі Майемгенов Бағашар 9 жыл бойы шаруалар колхозында еңбек еткен. 1937 жылы халық жауының інісі ретінде ұсталып, Үшаралға жер аударылады, 1935 жылы берілген Ленин орденін ұсталғаннан кейін тартып алған. Үшаралда 1940 жылға дейін болып, туған жеріне оралады, 1940–1958 жылдар аралығында Жылысай, Ұзынбұлақ, Октябрь колхоздарында қызмет атқарған. Жазықсыз қудаланғандар халық жадында.

Фатима ҚОЗЫБАҚОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, тарих факультетінің
Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры
Мерей НҮСПБЕК,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, филология және әлем
тілдері факультетінің 1-курс студенті

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыруда маңызы зор. Бұлай дейтініміз, осы заң арқылы мемлекеттік органдар тарапынан туындаған дауларда жеке және заңды тұлғалардың өз құқығы мен мүддесін қорғауына барынша жағдай жасалған. Аталған кодекстің 9-тарауы әкімшілік рәсімді қозғау нормаларына арналған.

Жұртшылыққа түсінікті болу үшін айтып өтерлігі, жолданым – азаматтардың әкімшілік органға немесе лауазымды адамға ауызша, жазбаша, сондай-ақ, электрондық құжат, бейнебайланыс, бейнежолданым нысанында жіберілетін арыз-шағымы. 22-бапқа сай, жолданымды бір немесе бірнеше адам беруге болады.

Жолданым ауызша берілген жағдайда оны қабылдаған мекеме қызметкері жекелеген хаттамаға енгізеді. Жазбаша нысандағы жолданымда арыз иесі туралы жеке мәліметтер, өзінің немесе өкілінің қолы, сонымен қатар, әкімшілік ор-

ТЕМІРҚАЗЫҚ

Қазақ әйелдері ықылым заманнан бері отбасы қам-қарекеті, балалар тәрбиесімен қоса, ел игілігі мен қоғам алдындағы міндетін бөлсенді атқарып келеді. Қазіргі кезеңде саясатта, басқару ісінде, бизнесте, білім-ғылым мен заң саласында талай ару тынымсыз еңбек етіп жүр.

ӘЙЕЛДЕР АРАЛАСПАҒАН САЛА АЗ

Әлем елдерінің көпшілігі қол қойған БҰҰ мыңжылдық декларациясында ерлер мен әйелдердің теңдігін көтермелеу, әйелдің құқығы мен мүмкіндігін кеңейту үшінші мыңжылдықтағы адамзат дамуының негізгі мақсаты ретінде айқындалған. Қазақстанда гендерлік теңдік пен әйелдердің құқығы мен мүмкіндігін кеңейту, нәзік жандылардың шешім қабылдау ісіне қатысуына мүмкіндік беру, еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру және гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы бірлесіп күресу бойынша міндеттемелерді жүзеге асыруда қолдау көрсетіліп жатыр.

1998 жылы Қазақстан БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенциясына қосылды. БҰҰ-ның «Әйелдердің саяси құқықтары туралы» және «Тұрмыс құрған әйелдің азаматтығы туралы» конвенциялары бекітілді. 2003 жылы Қазақстан Республикасындағы Гендерлік саясат тұжырымдамасы мақұлданды. Ол еліміздегі гендерлік саясаттың негізгі бағытын – ерлер мен әйелдердің билік құрылымдарына теңгерімді қатысуына қол жеткізуді, әйелдердің экономикалық тәуелсіздігі, өз бизнесін дамытуы мен мәнсап жолында ілгерілеуі үшін тең мүмкіндікті қамтамасыз етуді, отбасындағы құқықтар мен міндеттердің тең жүзеге асырылуы үшін жағдай жасауды, жыныс нышаны бойынша зорлық-зомбылықтан азат болуды көрсетті.

Қазақстан, сондай-ақ, гендерлік теңдік пен гендерлік дамудың негізгі индикаторларында жетекші орынға ие: әйелдер үшін гендерлік даму индексі (ГДИ) көрсеткіші 0,790-ға тең, бұл әйелдер мен ерлер арасындағы теңдіктің жоғары деңгейін көрсетеді (гендерлік дамудың жиынтық индексі - 1,006).

БҰҰ-ның индикаторы бойынша небары төрт мемлекет гендерлік тепе-теңдікке қол жеткізген екен. Олар: Швеция, Дания, Финляндия және Норвегия. Қазақстанда да әлемдегі барлық мемлекеттегідей жоғары білімді әйелдер саны көп. Десе де, ерлермен салыстырғанда билік пен саясат, заң мен ғылым саласында жүрген әйелдердің үлес салмағы тең емес.

2021 жылғы дерекке сәйкес, Қазақстан гендерлік теңдік рейтингінде 80-орында, ал 2006 жылы 32-орында

болған. Көрсеткіштің төмендеуіне әйелдер құқығы, олардың саясаттағы рөлі, тұрмыстық зорлық-зомбылық, әйелдердің құқықтық сауатын арттыру, еңбекақы төлеудегі гендерлік алшақтық мәселелері ықпал еткен сыңайлы.

Статистика агенттігінің Қазақстан әйелдері мен ерлері атты статистикалық жинағына сүйенсек, әйелдердің мемлекеттің жалпы ішкі өніміне үлесі 39%-ды, шағын және орта бизнесті басқаруда 42,2%, саяси лауазымдағы тұлғалардың 10,1%-ын, ҚР Жоғарғы Соты судьяларының 28,6%-ын және мемлекеттік басқару саласының 40,2%-ын құрайды. Мемлекеттік қызметте әйелдер жоғары басшылық қызметтерді аз иеленеді.

Айта кету керек, ҚР Жоғарғы Сотының қадағалаушы алқаларының төрағалары мен облыстық және оларға теңестірілген сот төрағаларының ішінде әйел төрағалар аз. Дегенмен, биліктің үшінші тармағы болып табылатын сот жүйесінде мемлекет атынан сот төрелігін жүргізіп отырған нәзік жанды судьялар аз емес.

Біздің қазіргі қоғамымызда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекет өміріне және саяси мәселеге белсене араласатын қоғам мүшесі. Сондықтан біздің елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша маңыз беріледі. 2009 жылы қазақстандық заңнаманың гендерлік бағытын күшейткен «Тұрмыстық зорлықтың алдын алу», «Әйелдер мен ерлердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» деген 2 заң қабылданды.

Әйел құқығын қорғау және тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету саясаты біздің елімізде негізгі басымдықтың бірі. Әйелдің орны екінші кезекте дейтін кертартпалық бүгінде артта қалған. Қазір әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенция ережелері негізінде кез келген мемлекеттік қызметте арнайы тапсырма бар.

Дәурен УТЕБАЛИЕВ,
Мұнайлы аудандық сотының
судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Сот жүйесі елімізде алдыңғылардың бірі болып сандық жүйеге көшкен саланың бірі. Оның басты игілігін әлемді жайлаған пандемия кезінде, барлық жер карантинге жабылғанда қатты сезіндік. Сот саласының мамандары «қазір соттасатын уақыт емес» деп, халықты барынша сабырға шақырды. Кейбір қаралуы кезек күттірмейтін сот істері онлайн таразыланып, шешім шығарылып жатты.

Жалпы, соттың сандық жүйеге бейімделуінің арқасында жұмыс әлдеқайда жеңілдеді. Мысалы «Мобильді сот кабинеті» сервисін кез келген тұлға немесе заңгер, адвокат ұялы телефонына қондыру арқылы еліміздің сот жүйесіндегі жаңалықтарды қарауға, онлайн режимінде жоспарланған сот отырысы туралы ақпаратпен танысып, соттың өтетін күні, орны және уақытын біліп отыруға мүмкіндік туды. Ең бастысы судьялар қарайтын істер автоматтандырылған жүйе арқылы бөлініп отырады. Бұл салаға адам факторы араласпай, істердің тең бөлініп, жемқорлықтың алдын алуға оң ықпалын тигізеді. Өз кезегінде бұл халықтың сот жүйесіне сенімін арттырды. Сот саласы мамандарының басты мақсаты да осы, халықтың сенім үдесінен шығу болатын.

Сондай-ақ, бірыңғай электрондық құжат айналымы сот саласы мамандарын қағазбастылықтан құтқарып, уақытты үнемдеуге, түрлі шығынды азайтуға айтарлықтай ықпалын тигізуде. Ал құжат айналымының электрондық тәртіпке көшуі қызметтің ашықтығын қамтамасыз етіп отыр. Кез келген жерде ұялы телефонымен сот отырысына қатысу халыққа да қолайлы. Жалпы, сот жүйесінде қазіргі заманғы технологияларды енгізу және қолдану сот ісін жүргізуді жеңілдетіп, бюрократиялық кедергілерді жойып жатқандықтан, саланың дер кезінде заман сұранысына қарай бейімделуі көпшіліктің көңілінен шығуда.

Ақ-Нәзік ҚОРАЗБАЕВА,
Алматы қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар
жөніндегі ауданаралық сотының судьясы

ЖОЛДАНЫМДЫ ҚАЙТАРУ ҚАЙТА ЖҮГІНУГЕ КЕДЕРГІ БОЛМАЙДЫ

ганның атауы, лауазымды адамның аты-жөні, берілген күні, өзге де мәліметтер толық көрсетіледі. Заңмен көзделген болса әкімшілік рәсім ақылы түрде де жүзеге асырылады. Мұндай кезде арыз иесі төлемді растайтын түбіртеккі ұсынады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте белгіленген тәртіппен берілген жолданым міндетті түрде қабылданып, қаралады. Егер ол заң талаптарына сәйкес келмесе, әкімшілік орган немесе лауазымды адам арыз иесіне талаптарға сай келмейтін тұстарын көрсетіп, дұрыстау үшін ақылға қонымды мерзім белгілейді. Яғни, құжаттарды рәсімдеуге жәрдемдесіп, оларды толықтыруға мүмкіндік береді. Осы мерзім аралығында түзетілмеген жолданым қайтарылады. Айта кетерлігі, жолданымды қайтару арыз иесін қайта жүгіну құқығынан айырмайды. Әкімшілік рәсім аталған кодексте белгіленген тәртіпте қозғалады. Бұл туралы, яғни, оның өтетін уақыты, орны, т.б. рәсімге қатысушыға хабарланады. Әкімшілік рәсімге қатысушы

лар болса, арыз иесі қаралған мәселе бойынша қайта жолданым бере алады.

Жалпы алғанда, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің басты көздегені тараптар арасындағы теңсіздікке жол бермеу. Мысалы, әкімшілік рәсімдер туралы заңнамадағы барлық күмән-қайшылықтар мен көмексіздіктердің әкімшілік рәсімге қатысушының пайдасына түсіндірілуінің өзі қарапайым жұртшылыққа беріліп отырған үлкен мүмкіндік. Ендігі міндет, сол мүмкіндікті тиімді пайдалану, бұл үшін азаматтар өздерінің құқықтық білімі мен мәдениетін көтеруге баса назар аударуы тиіс. Сонда ғана олар әкімшілік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз әрекеті мен әрекетсіздігіне нық тосқауыл қойып, халық үніне құлақ асатын мемлекетті құруға белсенді атсалыса алады.

Назгүл ҚАНАПИЯ,
Алматы қалалық
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

ТРЕНИНГ

19-20 сәуірде Алматыда Республи-калық психикалық денсаулық орталығы ЖИТС, туберкулез және безгекпен күресу жөніндегі жаһандық қордың қолдауымен біздің елімізде опиоидты агонистермен күтім алмастырушы те-рапия (ОАКАТ) бағдарламасын енгізу бойынша тренинг ұйымдастырды.

Күтім алмастырушы терапия опио-идтерге тәуелділікті емдеудің ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Ол біздің елде 2008 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Қазір 10 облыста 15 кенсе бар, 300-ге жуық адам осы бағдарламаға қатысып, бүгінгі таңда өміріндегі оң өзгерістің барын атап өтті. «Алмастыру терапия» тәжірибеде қыл-мыстың төмендеуін және қатысушы-лардың қоғамға оралғанын көрсетті.

Шараға облыстық ЖИТС орталығы мен психикалық денсаулық орталығы-ның баспасөз хатшылары қатысты. Іс-шара бағдарламасына сәйкес, жат-тықтырушы Марина Максимова есірткі тұтынушыларды ОАКАТ беру туралы халықты ақпараттандырудағы баспасөз қызметі жұмысының маңыздылығы туралы айтты. Сондай-ақ, нашақор-



лар мен АИТВ жұқтырғандар туралы материал жазу ережелерін жан-жақты түсіндірді. Білімді тексеру мақсатында «Редактор» жаттығуында тренингке қатысушылар БАҚ-тың ақпараттық

мәтіндерінен қате сөздерді тапты.

Қатысушылар есірткіні бұрынғы тұтынушылар үшін алмастырушы терапия бағдарламасы туралы көп мағлұмат алды. Тренингке қатысқан

ЖАҢА ӨМІРГЕ МҮМКІНДІК

Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының дәрігер-сарапшысы Жәния Сексенова мен психиатр-наркологтар нашақор-лықты емдеудің жаңа әдісінің тиімділігі туралы айтты.

«Мен бес рет сотталдым. Өмірім-де көптеген қиындық болды. ОАКАТ арқасында қалыпты жағдайға оралдым. Өрине, бағдарламаның кемшіліктері бар. Біз орталыққа күнде келеміз, басқа қалаға немесе ауруханаға бара ал-маймыз. Болашақта Еуропа елдерінің тәжірибесін аламыз деп үміттенемін», – деп атап өтті Мақсат (есімі өзгертілген).

Терапиямен емделушілерден ұққа-нымыз, бұл бағдарламаның Қазақстан үшін қажеттілігінде күмән жоқ. Тре-нинг соңында қатысушылар мұндай іс-шаралар тәжірибе алмасуға және қосымша білім алуға көмектесетінін атап өтті.

Гүлжанат ШОНАБАЙ,
Алматы облыстық ЖИТС
орталығы баспасөз хатшысы

Мемлекеттік тілді дамытуға мүдделіміз

Туған тілінді біліп қана қоймай, мем-лекеттік деңгейде толыққанды қолда-нылуын қамтамасыз ету – әрбір азаматтың қасиетті міндеті. Себебі, Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Сот саласында мемлекеттік тілді дамыту бағдарлама-сын жүзеге асыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Кеңсе құжаттары мен қатынас қағаздары, нұсқау, өкім сияқты құжаттар мемлекеттік тілде жа-зылып, рәсімделеді. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарға соттан кет-кен барлық шығыс құжаттар, сұрату хат-тарына жауап мемлекеттік тілде беріліп, аудармасы қоса жіберіледі.

Сот, құқық қорғау органдары, заңның орындалуын қадағалайтын мекемелер мемлекеттік тіл тұғырын биіктетуде өзге-лерге үлгі көрсетуі тиіс.

Жасмин ГАЛИМЖАНОВА,
Орал қаласы №2 сотының бас
маман-хатшысы

ЖАРНАМА

ӨРТУРАІ

3. «Таис ломбард» ЖШС (БСН 081240003543), ломбардтың микроқаржылық қызметін жүзеге асыру үшін берілген лицензияның әрекетін тоқтату туралы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігіне өзінің ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды. Лицензияның нөмірі 09.21.0049 Л, 30.03.2021ж. берілген.

4. «Гусаковка» ЖШС, БСН 980340002188, жарғылық капиталының 1 500 000 теңгеден 1 486 429,54 теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 150105, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Гусаковка ауылы, Молодежная көшесі, 22 құрылыс.

20. Ақтөбе облысы Шалқар аудандық сотының өндірісінде талап қоюшы Людмила Степановна Сеселкинаның Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы, Ө.Сейітов көшесі, 21-үй тұрғыны Станислав Валериевич Зувевты (ЖСН 700829301884), 29.08.1970 жылы Қырғызстан Республикасы Шу облысында туған) «қайтыс болды» деп жариялау туралы талап қою туралы азаматтық іс қозғалды. Станислав Валериевич Зувевтың жүрген жерін білетін адамдарға жарияланым берілген күннен бастап Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы, Есет Көтібарұлы көшесі, 55 үйде орналасқан. Шалқар аудандық сотына тел: 871 335 21 57, ол туралы хабарлау сұралады.

11. Нұр-Сұлтан қаласы, Мүсірепов көшесі, 4 үй, 21 пәтер мекенжайында тұратын Тернавская Мереке Ибрагимовна Алматы аудандық сотына 12.11.1967 жылы туған Тернавский Владимир Николаевичті хабарсыз кетті деп тану туралы арызбен жүгінді, туған жері Ақмола облысы, соңғы жұмыс орны Нұр-Сұлтан қаласындағы Абылайхан даңғылы, 8 үй (стоматологиялық науқастарды қабылдауға арналған стоматологиялық орындықты жалға алып жұмыс істеген). Тұрғылықты жері туралы белгілі мәліметтер болса немесе Тернавский Владимир Николаевич туралы өзге де мәліметтер білетін тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде Нұр-Сұлтан қаласының Алматы аудандық сотына мына мекенжай бойынша хабарлауға міндетті: Нұр-Сұлтан қаласы, Абай даңғылы 36, байланыс телефондары 8(7172)710635, +77755021913

21. «Салем» Сактандыру компаниясы» АҚ қызметінің тоқтатылуы туралы»
2022 жылдың 4 наурызында Алматы қаласының МАЭС «Салем» Сактандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Компания) қатысты мәжбүрлі тарту негіздемесі бойынша қозғалған тарту өндірісінің аяқталуы туралы ұйғарымы 2022 жылдың 30 наурызында заңды күшіне енді, ал бұл онның қызметінің толықтай тоқтатылуына қарастырады. Осылайша, сотпен Компанияның тарту туралы есебі мен тарту балансы бекітілді.
Алматы қаласы бойынша «Азаматтар үшін үкімет» МК» КАҚ 2022 жылғы 15 сәуірде №12678 бұйрығымен Компанияның қызметін тоқтату мемлекеттік тіркесуі жүргізілді. Бизнес сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіміне («Заңды тұлғалар» МДБ) қатына жайлы жазбалар енгізілді.

Тұрақты сақтауға жататын Компанияның құжаттары Алматы қаласының Мемлекеттік мұрағатына сақтау үшін өткізілді.
ҚР Азаматтық кодексінің 50-бабының 10-тармағына сәйкес заңды тұлғаның тартылуы аяқталған, ал заңды тұлға өз қызметін тоқтатқан деп бұл жайында мәліметтер Бизнес сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіміне енгізілгеннен кейін саналады. Азаматтық кодексінің 377-бабының 1-тармағына сай міндеттемелер заңды тұлғаның (борышкер, несие беруші) тартулымен тоқтатылады. Тартылуға жататын заңды тұлғаның мүлкінің жетіспеушілігін қанағаттандырылмаған несие берушілердің шағымдары, сондай-ақ тарту балансын бекіткенге дейін жарияланбаған, өтелген деп саналады (Азаматтық кодексінің 51-бабының 6-тармағы). Өтелген деп тарту комиссиясымен танылмаған несие берушілердің талаптары да саналады, егер де несие беруші сотқа арыз-талаптын жүгінбеген болса, және де соттың шешімімен несие берушінің талаптарын қанағаттандырудан бас тартылған болса.».

ТАРАТУ

2. «Номе-Office» жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымы, БСН/ ЖСН 220340039734, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, 9-қабат, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, 9-қабат. Тел.: +7773551120.

5. «ТАЗА ӘЛЕМ ГРУПП KZ» ЖШС, БСН 091140013380, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 15 үй, 16-пәтер. Тел.: 87015338669.

6. «Green Line Profil (Грeen лайн профиль)» ЖШС, БСН 160540022604, ОҚО, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Әйтеке би көшесі, 100 үй, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сарыағаш қаласы, Рысқұлов көшесі, 1Б үй. Тел.: 87028729820.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), ди-ректоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шым-кент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл кө-шесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхамет-ханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай кө-шесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Пе-тропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Де-партаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қос-танай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan.al@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызыл-орда қ., Әйтеке би көшесі 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді кө-шесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қа-зақстан Конституциясы көшесі 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татыяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАНКРОТТЫҚ

23. Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылдың 25 сәуірдегі ұйғарымымен борышкердің арызы бойынша «Электро-Вид-А» ЖШС (БСН 040640010570) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды».

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агент-тігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAiROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даң-ғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарлан-дыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Пав-лодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

